

Аягөз ауданының әкімдігі

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі N 288 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 мамырда N 3965 болып тіркелді.
Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 15.03.2015 N 151 қаулысымен


Акимат Аягөзского района

**Аягөз ауданының шалғайдағы
елді мекендерде тұратын
балаларды жалпы білім беретін
мектептерге тасымалдаудың схемасы
мен тәртібін бекіту туралы**

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 15.03.2015 N 151 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі «Автомобиль көлігі туралы» Заңының 14 бабы 3 тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аягөз ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі**Б. Байахметов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

**Аягөз ауданы әкімдігінің
2015 жылғы «20» сәуірдегі
№ 288 қаулысына
1 қосымша**

**Аягөз ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын
балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы**

№	Тура бағыт	Кері бағыт
1	Аялдама: Аягөз ауданы Майлин ауылдық округінің Ескі Майлин елді мекені; Аягөз қаласы Оңтүстік қалашығының «№ 4 аралас жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аягөз қаласы Оңтүстік қалашығының «№ 4 аралас жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Аягөз ауданы Майлин ауылдық округінің Ескі Майлин елді мекені.
2	Аялдама: Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Қарабұлақ елді мекені; Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Ақшәулі ауылының «Ақшәулі жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Ақшәулі ауылының «Ақшәулі жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Аягөз ауданы Ақшәулі ауылдық округінің Қарабұлақ елді мекені.
3	Аялдама: Аягөз ауданы Тарлаулы ауылдық округінің Таңсық айрығы; Аягөз ауданы Тарлаулы ауылдық округінің Тарлаулы ауылының «Қ.Қадыржанов атындағы Қызылқия жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аягөз ауданы Тарлаулы ауылдық округінің Тарлаулы ауылының «Қ.Қадыржанов атындағы Қызылқия жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Аягөз ауданы Тарлаулы ауылдық округінің Таңсық айрығы.
4	Аялдама: Аягөз ауданы Тарбағатай ауылдық округінің Малтүгел елді мекені; Аягөз ауданы Тарбағатай ауылдық округінің Тарбағатай ауылының «Тарбағатай жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аягөз ауданы Тарбағатай ауылдық округінің Тарбағатай ауылының «Тарбағатай жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Аягөз ауданы Тарбағатай ауылдық округінің Малтүгел елді мекені.
5	Аялдама: Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Қарасу елді мекені; Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің «Мал бордақылау алаңынан» 50 метр қашықтықтағы алаң; Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Қопа ауылының «С. Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Қопа ауылының «С. Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің «Мал бордақылау алаңынан» 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Қарасу елді мекені.
6	Аялдама: Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің 5 ферма елді мекені; Аялдама: Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Ескі Қопа елді мекені; Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Қопа ауылының «С. Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.	Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Қопа ауылының «С. Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң; Аялдама: Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің Ескі Қопа елді мекені; Аялдама: Аягөз ауданы Қопа ауылдық округінің 5 ферма елді мекені.

7	<p>Аялдама: Аягөз ауданы Баршатас ауылдық округінің Көктал елді мекені;</p> <p>Аягөз ауданы Баршатас ауылдық округінің Баршатас ауылының «О.Менаяқұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң.</p>	<p>Аягөз ауданы Баршатас ауылдық округінің Баршатас ауылының «О.Менаяқұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен 50 метр қашықтықтағы алаң;</p> <p>Аялдама: Аягөз ауданы Баршатас ауылдық округінің Көктал елді мекені.</p>
---	--	--

Аягөз ауданы әкімдігінің
2015 жылғы «20» сәуірдегі
№ 288 қаулысына
2 қосымша

**Аягөз ауданының шалғайдағы елді мекендерде
тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге
тасымалдаудың тәртібі**

1. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

2. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) тасымалдаушыларға қатысты заңнаманың талаптарын орындаумен өзіне тиесілі автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

3. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда лауазымды адамдардың міндеттерін, жүру маршрутын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

4. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

5. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

6. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз

ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

7. Нұсқауды білім беру ұйымдарында жолжүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты тұлға өткізеді.

8. Балаларды тасымалдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына жауап беретін жүргізушілерге рұқсат беріледі.

9. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға тыйым салынады:

- 1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

10. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

11. Көлік құралы жақындаған кезде алып жүрушілер балалардың жүгіріп шығуына және олардың жолдың жүретін бөлігінде болуына жол бермейді.

12. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

13. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

14. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

15. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шыға берістегі) алаңдарда орналастыруына;
- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;
- 10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға жол бермейді.

16. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүрушілер: біреуі – автобустың алдыңғы бөлігінде, екіншісі – автобустың артында тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

17. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

18. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;

2) баспалдақтардан секіруіне;

3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;

4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

19. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығады;

2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүреді.

2. Қорытынды ережелер

20. Ауданның шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.